



ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ҚАЗАҚ ПРИМА-ҚОБЫЗЫ, ҚЫРҒЫЗ ПРИМА- ҚЫЯҒЫ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ГИДЖАҒЫНЫҢ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ РЕПЕРТУАРЫ

Балжан Джунусова¹, Сәуле Өтеғалиева¹

¹Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы (Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. XX ғасырдың бірінші жартысында дәстүрлі аспаптар негізінде, арнайы халық аспаптар оркестрі үшін ішекті-ысқышты хордофондар қазақ прима-қобызы, қырғыз прима-қыяғы және өзбек гиджағы модернизацияланды (Эрих Мориц фон Хорнбостель және Курт Закстың классификациясы бойынша прима-қобыз және прима-қыяқ 321.322-22-71, ал гиджак 321.311-71 индексіне сәйкес). Уақыт өте келе қарқынды дамуға ие болып, оркестрлік орындаушылық шеңберден шығып, жеке аспап ретінде де кеңінен қолданыла бастады. Бүгінгі күнде бұл аспаптардың орындаушылар легі көбейіп, мектеп болып қалыптасты. Өз мемлекеттерінің музыка мәдениетінде айрықша орын алатын болды. Осыған байланысты олардың орындаушылық репертуарын зерттеу қажеттілігі туындады. Мақаланың басты мақсаты аспаптардың репертуарын салыстырмалы түрде зерттеп, ерекшеліктерін көрсету болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін жетілдірілген ішекті-ысқышты хордофондардың (прима-қобыз тектес) қысқаша сипаттамасы берілген. Орындаушылық репертуар мәселелеріне ерекше көңіл бөлініп, сондай-ақ ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға назар аударылады. Әртүрлі халықтардың репертуары мен аспаптары салыстырмалы түрде қарастырылғандықтан, салыстырмалы-типологиялық, салыстырмалы-тарихи әдістері мен жүйелі-этнофониялық (Игорь Мациевский) тәсілі қолданылды. Мақалада автор репертуарды жақсарту және кеңейту бойынша практикалық ұсыныстар беріп, сонымен қатар, репертуарды түркі және Орталық Азия халықтарының аспаптарына арналған шығармаларды қосу арқылы кеңейту қажет екендігін белгілеп кетті.

Көтерілген сұрақтар Орталық Азияның басқа республикаларының зерттеушілері мен мамандарын қызықтыруы мүмкін. Сонымен бірге, осы саладағы ғылыми әзірлемелер олар туралы неғұрлым айқын түсінік қалыптастырып қана қоймай, олардың одан әрі дамуына ықпал етеді.

Түйін сөздер: халық аспаптар оркестрі, прима-қобыз, прима-қыяқ, заманауи гиджак, жетілдірілген аспаптар, реконструкция, репертуар, дәстүрлі музыка, модернизация.

Дәйексөз үшін: Джунусова, Балжан және Өтеғалиева Сәуле. «Жетілдірілген қазақ прима-қобызы, қырғыз прима-қыяғы және өзбек гиджагының орындаушылық репертуары» *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 9, No 3, 2024, с. 105-123. DOI: 10.47940/cajas.v9i3.898

Алғыс: Автор Central Asian Journal of Art Studies редакторларына, сондай-ақ анонимді рецензенттерге зерттеуге назар аударып, қызығушылық танытқаны үшін, мақаланы баспаға дайындауға көмектескені үшін алғыстарын білдіреді.

Автор қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін дәлелдеді.

Кіріспе

XX ғасырдың 30-шы жылдары қазақ, қырғыз және өзбек халықтарында пайда болған ішекті-ысқышты аспаптар (прима-қобыз, прима-қыяқ, заманауи гиджак) уақыт өте келе қарқынды дамуға ие болып, оркестрлік орындаушылық шеңберден шығып, жеке аспап ретінде кеңінен қолданыла бастады. Бүгінгі күнде бұл аспаптардың орындаушылар легі көбейіп мектеп болып қалыптасты. Сондықтан аталған аспаптардың репертуар ерекшеліктерін зерттеу өзекті деп санаймыз.

Беріліп отырған мақаланың мақсаты – аспаптардың академиялық музыкадағы орындаушылық репертуарын жан-жақты салыстырмалы түрде зерттеу.

Бұл мақалада алғаш рет жетілдірілген ысқышты аспаптардың репертуарын салыстырмалы түрде қарастырамыз. Осы мәселе оның құндылығын арттыра түсетіні сөзсіз. Автор прима-қобызда орындаушы бола отырып, көп жылдық педагогикалық тәжірибесі бар, сондықтан аспаптың репертуарымен жақсы таныс. Оның зерттеулері және жасалған қорытындылары өзінің орындаушылық тәжірибесіне негізделген.

Мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді қоямыз:

1) Аспаптарға қысқаша сипаттама беру.

2) Прима-қобыз, прима-қыяқ және гиджактың репертуарын салыстыру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын белгілеу. Ұсыныстар мен тұжырымдар беру.

Әдістер

Мақаланы жазу барысында жалпы органология бойынша әдістемелік маңызы бар және прима-қобыз типтес жетілдірілген аспаптарды зерттеудегі (Климент Квитка, Виктор Беляев, Виктор Виноградов, Константин Вертков, Георгий Благодатов, Эльза Язовицкая, Игорь Мациевский) ғылыми ізденістері қажетті болып табылды. Отандық этномузикатану және этноорганология ғылымында дәстүрлі ысқышты аспаптарды жан-жақты зерттеуші (Ахмет Жұбанов, Болат Сарыбаев, Асия Мұхамбетова, Гульзада Омарова, Сәуле Өтеғалиева, Мақсат Медеубек) ғалымдардың қомақты еңбектері жұмысқа өз септігін тигізді.

Қазақ прима-қобызына арналған зерттеулердің ішінен (Бисенғали Ғизатов, Досымжан Тезекбаев, Қалия Уразалиева, Раушан Мұсақожаева, Шолпан Рауандина) жұмыстарына ерекше көңіл бөлінді, өзбек халқының дәстүрлі және жетілдірілген гиджак аспабын зерттеген (Тамара Вызго, Файзулла Қароматов, Галина Кузнецова, Фарух Садыков),

ал кыргыздың модернизацияланган аспабы бойынша (Камшыбек Дюшалиев, Екатерина Лузанова, Чолпан Турумбаева) еңбектері мен макалалары пайдаланылды.

Жетілдірілген аспаптар үшін жазылган әр-түрлі ноталық жинақтар қолданылды.

Мақалада салыстырмалы-типологиялық, салыстырмалы-тарихи әдістері мен жүйелі-этнофониялық (Игорь Мациевский) тәсілі қолданылды. Оларды пайдалану кейбір жағдайларда жасалған лайықтаулардың аспаптардың өзіндік ерекшеліктеріне сәйкестігін қарастыруға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы талдау жасау үшін прима-қобыз, прима-қыяқ, гиджак және скрипкада орындаушылардың YouTube, Instagram бейнежазбалары пайдаланылды.

Мәселенің зерттелмегендігін ескере отырып автор осы аспапта ойнайтын музыканттардан сұхбат алу әдісіне жүгінді. Кыргызстан консерваториясының доценты Айназар Атилов (сұхбат 27.09.2023ж.) және Өзбекстан мемлекеттік консерваториясының аға оқытушысы Улыкбек Исаев (сұхбат 01.10.2023ж.). Сұхбат алу әдісі кәсіби музыканттардың пікірлерін білуге мүмкіндік беріп, қорытынды жасаудың негізгі факторларының біріне айналды.

Талқылау

1. Аспаптарға қысқаша сипаттама.

Аспаптардың пайда болуы алғышарттары Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Кыргызстан мемлекеттері ғалым-зерттеушілерінің еңбегінде көрініс табады¹.

Қазақтың прима-қобызы — Эрих Мориц фон Хорнбостель және Курт Закстың классификациясына сәйкес 321.322.22. индекспен белгіленеді (Хорнбостель, Зак 229-261), (Утегалиева 423)

Бірнеше рет түрлі модернизациядан өтті (үш ішекті 1930-шы², төрт ішекті 1950-ші жылдары).

Прима-қобыздың төрт ішекке ауысуы жайында бірнеше мағлұматтар кездеседі. 1950-1958 жж. оркестрдің көркемдік жетекшісі Шамғон Қажғалиевтің сызбасы негізінде музыкалық шеберлер Қамар Қасымов, Константин Дубов және Сергей Федотов біріге отырып аспаптарға екінші рет реконструкция жүргізгенде прима-қобыз аспабы төрт ішекке ауысты деп берілген (Гизатов 38). Тағы бір мағлұмат бойынша 1953-54 жылдары Республикаға еңбек сіңірген ұстаз Досымжан Тезекбаевтың сызбасы бойынша музыкалық аспаптар жасайтын шеберлер Алексей Першин мен Абдолла Тұрдыбаев жаңа төрт ішекті прима-қобыз жасап шығарды (Тезекбаев 3). Қазіргі уақытта қолданыста жүрген Досымжан Тезекбаевтың аспабының құрылымы: аспаптың басы, құлақтары, мойын тиегі, мойны, ішектер, астыңғы және үстіңгі шанақ, тиек, дыбыс ойығы, ішек ілгіш,

¹Вертков Константин және т.б. Атлас музыкальных инструментов, 1963:12; Виноградов Виктор Музыка советского Востока. От унисона до полифонии, 1968:165; Вызго Тамара, Петросянц Ашот Узбекский оркестр народных инструментов, 1962:12; Затаевич Александр Киргизские инструментальные пьесы и напевы, 1971:16; Кузнецова Галина, Садыков Фарух Государственный оркестр народных инструментов Узбекистана имени Тухтасина Джалилова, 1990:16-17; Сарыбаев Болат Қазақ халқының аспап музыкасы. Казахская народная инструментальная музыка, 1978:125;

²1930 жылдары академик А.Жұбановтың тапсырмасы бойынша алғашқы жетілдірілген прима-қобыз жасалды (Тезекбаев 3). Корпусы домалақ, төменгі ұзартылған бөлігі түйе терісінің мембранасымен жабылған, ал жоғарғы декасы ағаштан жасалған, фигуралы резонаторлық тесіктерімен болған. Мойыны доға тәрізді, екі ішегі қой ішегінен (G^m, D¹) ал үшіншісі — жез ішек тартылған (A¹) (Вертков, Благодатов, Язовицкая 132-133). Қазіргі таңда үш ішекті прима-қобыз қолданыстан шығып, оның орнын төрт ішекті прима-қобыз аспабы басты.



Сурет 1. Ғ.Молдакаримованың жетілдірілген төрт ішекті прима-қобызы. Шебері А.Першин (1984 ж.) Қазақстан.

түйме, қысқыштан тұрады (1-суретте). Жоғарғы шанағы толығымен ағаштан жасалған, құрылысында шанақ түбіне орнатылған екі тізе арасына қойып ұстауға ыңғайлы қысқыш пайда болды. Мойны доға тәрізді, ішектері ауада орналасқандықтан, саусақтың сырты, тырнақтың көбесімен басып орындайды.

Қазақ прима-қобызына ұқсас, қырғыз халқының прима-қыяқ аспабы — прима-қобыз тәрізді бірнеше реконструкциядан өткен. Жаңа аспапты жасаудың алғашқы тәжірибесі 1930 жылдары жасалып, сәтсіздікке ұшырады. Аспапты одан әрі жетілдіру бойынша жұмысты 1952 жылы Ашот Петросянц пен Савелий Диденко жүргізді (Вертков, Благодатов,

Язовицкая 177). Чолпан Турумбаеваның мақаласы бойынша прима-қыяқ келесі өзгерістерге ұшырады: «аспап құрама түрде жасалып, жоғарғы декасы толығымен бір тұтас шырша ағашынан жабылып жасалатын болды» (Турумбаева 240). Жалпы құрылымы, пішіні жағынан прима-қобызға ұқсас, өзгешелігі — скрипка аспабының стандартты грифы орнатылғандықтан саусақтың жұмсақ жерімен, ішектің үстінен басу арқылы орындайды, қысқыш орнатылмаған (2-суретте).



Сурет 2. А.Атиловтың жетілдірілген прима-қыяғы. Шебері белгісіз. (1970-шы жылдары) Қырғызстан.

Өзбекстанда кең тараған ішекті-ысқышты жетілдірілген аспаптардың бірі — *гиджак*. 1920-1930 жылдары

дыбысын күшейту мақсатында бірнеше рет жетілдірілді. 1940 жылдары Ашот Петросянц пен Савелий Диденко сәтті жасады (Вертков, Благодатов, Язовицкая 162). Файзулла Қароматов еңбегінде: «Дәстүрлі аспаптың корпусы шыныаяқ тәрізді резонаторы бар (ағаштан, кокос жаңғағынан, асқабақтан жасалған), тері мембранасымен жабылған, ағаштан жасалған дөңгелек мойыны (дәлірек айтқанда даста), басы, ішектер санына сәйкес құлақтары, дастаның төменгі бөлігінде мембрана астындағы резонатор арқылы өтетін металл түйреуіш бекітілген» деп жазған (Қароматов 110).

Жетілдірілген заманауи гиджак дәстүрлі аспаптың формасымен бірдей. Айырмашылығы, мойының жоғарғы бөлігі жұқа, төменгі жағы қалың, ал алдыңғы жағы тегіс болып келуінде. Корпусы шабылмалы және құрама әдісімен ағаштан жасалған. Іс жүзінде негізінен шабылмалы түрі пайдаланылуда (Ташматова 79) (3-суретте). Жалпы гиджак аспабында дәстүрлі және академиялық бағыттағы орындаушылар болып бөлінеді. Олардың бәрі ХХ ғасырдың орта шенінен бастап жетілдірілген заманауи гиджак аспабына көшті.

Жоғарыда көрсетілген аспаптардың жетілдіру нәтижесінде мынандай ортақ өзгерістер болғанын көруге болады. Мензуралары қысқарып, қатаң бекітілген скрипка аспабының мензурасына сәйкес келетін болды. Диапазоны 4 октавадан асып, скрипка аспабының (G^m , D^1 , A^1 , E^2) бұрауына өзгертілді. Сондай-ақ сол аспаптың жез ішектері мен ысқышы қолданылады.

2. *Прима-қобыз, прима-қыяқ және заманауи академиялық гиджактың репертуары, ұқсастықтары мен айырмашылықтары.* Прима-қобыз, прима-қыяқ және заманауи гиджак үшін

³Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы



Сурет 3. У.Исаевтың заманауи гиджагы. Шебері А.Ергашев (1980-1985жж) Өзбекстан.

репертуарды біз үш бағыт бойынша жүйеледік: 1) Шетел композиторларының скрипкаға арналған шығармалары, 2) Отандық композиторлардың шығармалары және 3) Дәстүрлі музыка (1-кестеде).

Бірінші бағыт — үш аспаптың орындаушылық репертуары негізінен скрипканың виртуозды, жоғары техникалық күрделі және шағын формадағы туындыларынан құралады.

Прима-қобыз аспабының тарихында бұл үрдіс оның алғашқы кезеңімен байланысты. «Алматы консерваториясы»³ мен музыка училищесінде жетілдірілген қобызда оқытудың басталуы жас қобызшылар үшін ноталық репертуар іздеумен байланысты болды, өйткені үш ішекті және скрипканың квинталық

Кесте 1. Аспаптардың орындаушылық репертуарында кездесетін бағыттар

Дереккөз: автор құрастырған

Аспаптар атауы	Шетел композиторларының шығармалары	Отандық композиторлардың шығармалары		Дәстүрлі музыка
Прима-қобыз	Еуропа классиктарының және орыс композиторларының скрипкаға арналған тундылары	Қазақстан композиторларының прима-қобызға арнайы жазған шығармалары.	Қазақстан композиторларының скрипкаға арналған шығармалары.	Домбыра қыл-қобыздың өңделген күйлері
Прима-қыяқ			Қырғызстан композиторларының әртүрлі аспаптарға арналған шығармалары	
Гиджак		Өзбекстан композиторларының гиджакқа арнайы жазған шығармалары	Өзбекстан композиторларының әртүрлі аспаптарға арналған шығармалары	Шашмакомдар, өзбек бастакорларының шығармалары

жүйесі бар қобыз репертуардан мүлдем айырылды, ал екі ішекті қобыз үшін халықтық орындаушылық тәжірибеде бар шығармаларды, жаңа аспапта орындау мүмкін болмады. Сондықтан педагогикалық репертуар әндер мен жеңіл скрипка пьесаларынан құрылды», – деп жазылған (ауд.автор). (Очерки по истории казахской советской музыки 226).

Қазіргі таңда прима-қобыз, прима-қыяқ, гиджак аспаптарының оқу бағдарламаларында техникалық мүмкіндіктерін көрсететін Вольфганг Моцарт, Шарль Берио, Анри Вьетан, Феликс Мендельсон, Камиль Сен-Санс, Петр Чайковский, Ян Сибелиус сынды тағы басқа батыс еуропа классиктері мен орыс композиторларының тундылары жиі кездеседі (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан консерваториясының Пәндік оқу-әдістемелік кешені). Орындаушылар скрипка туындыларын өзгеріссіз, түпнұсқалы түрін орындайды.

Үш аспаптың репертуарында еуропалық музыка үқсас болғандықтан, біз бір ортақ шығарманы алдық.

Соның нәтижесінде олардың дыбысын, өзіндік ерекшеліктері мен шығарманың орындалуын салыстыруға мүмкіндік бар. Репертуардағы екінші және үшінші бағыттар әртүрлі, сондықтан оларды салыстыру басқа тұжырымдарға әкелетіні анық.

Төменде италяндық композитор Витторио Монтидің «Чардаш» аспаптық пьесасына салыстырмалы көркемдік – орындаушылық талдау жасалынды. Себебі бұл шығарма үш аспаптың репертуарында жиі кездесіп, ең көп орындалатындарының қатарына жатады.

Бұл шығарма 1904 жылы жазылған, еуропаның классикалық (скрипкаға арнайы жазылған) туындыларының бірі болып табылады (Jameson URL: Csárdás, for violin & piano | Details | AllMusic).

Пьеса ырғағы бойынша әр түрлі жеті бөлімнен тұрады: 1) Andante — Largo; 2) Allegro vivo; 3) Molto meno; 4) Meno, quasi lento; 5) Allegro vivace; 6) Allegretto; 7) Molto più vivo. Тональдігі d-moll- D-dur- d-moll- D-dur болып шығарма бойы өзгеріп отырады.

Жалпы шығарма баяу *Largo* темпінде басталады. Бастапқы бөлім орындаушының өзіндік еркін каденциясы десек болады. Алғашқы ноталарынан бастап скрипканың әсерлі нәзік және тебірәндіргіш дыбыстары естіледі (1 - ноталық мысалда):



Ноталық мысал 1

Келесі тақырып жылдам, жеңіл және алдыңғы тақырыпқа қарама-қайшы болғандықтан, скрипкашы эмоцияның күші мен шиеленісін соңына дейін ұстайды. *Allegro vivace* темпіне өту, *Spiccato* штрихы, әуеннің жоғары және төмен октаваға секірулері, кенеттен ұйымдастырылған жаппай бидің суретін елестетеді. (2-ші ноталық мысалда):



Ноталық мысал 2

Quasi lento бөлімі толығымен флажолето штрихымен жазылған. Орындаушы тақырыпты әуезді және нәзік жеткізген. Мұнда әуен кварталық айналыммен бастапқы тональдікке оралады (3-ші ноталық мысалда):



Ноталық мысал 3

Allegro vivace бөлімі баяу темппен басталып жылдам қарқынға өзгереді, P нюансынан *crescendo* мен мажорлы тональдікке әкеледі. Форшлаг пен *Spiccato* штрихтарымен әрленген тақырып әйелдердің сыңғырлаған күлкілерін елестетеді (4-ші ноталық мысалда):



Ноталық мысал 4

Molto piu vivo бөлімі жалпы шығарманың және орындаушының шеберлігінің қорытындысы деуге лайық. Чардаштың соңындағы *ff* венгр халқының жарқын және өзіндік ұлттық бояуын, мерекелік көңіл күйін бейнелеп аяқтайды.

Шығарманың скрипкалық интерпретациясын негізге алып (түпнұсқа), оны басқа аспаптарда *орындалуын* салыстырып, талдау жасалынды («V. Monti, Czardas - Jennifer Jeon»). Прима-қобыз, прима-қыяқ, гиджак аспаптарында орындау барысында скрипкаға арналған нотаны қолданып, тональдігін, штрихтарын, динамикалық белгілерін өзгертулерсіз орындайды. Себебі аспаптардың диапазоны, бұрауы сәйкес болып келеді.

Айырмашылығын орындаушылығы мен дыбыс ерекшелігінде байқауға болады.

Қазақ прима-қобызында орындалуын тыңдап отырып, аспаптың жоғарғы ноталары скрипка дыбысына, ал төменгі дыбыстары алыт аспабының дыбысына жақын екені естіледі. Шығарманың басынан импровизациялық еркіндік, қою вибрация мен бүкіл ысқышқа алынған әсерлі орындау бар. Бұл тақырыптың мазмұнын жеткізуге өте маңызды. Саусақтың сырты, тырнақтың көбесімен басып орындауына қарамастан, артикуляцияны, дыбыс нақтылығын, техниканы талап ететін бөлімдерді тез және жеңіл, тыңдаушыларға осы аңызға айналған шығарманың ұмытылмас орындалуын сыйлады («Қобыз Чардаш Монти»).

Бұл шығарма *қырғыз прима-қыяғының* орындауында да әсерлі шығады. Егер гиджактың дыбысы тұнықтау болса, прима-қыяқтың дыбыстары прима-қобыз тәрізді анық және айқын шығады. Скрипка аспабына

жақын келеді. Орындаушы алғашқы дыбыстардан-ақ өте қою және кең вибрация қолданады. Сол қолының саусақтары ұшымен грифка басып орындайтындықтан дыбысы нақты және біркелкі шығады. Чардаш шығармасы бұл аспапта серпінді, үйлесімді және әсем реңктермен орындалады деп айту орынды болады. («Витторио Монти Чардаш»).

Өзбек гиджагының орындауында да бұл шығарма әсерлі, құлаққа жағымды естіледі. Аспаптың тембрі шығармаға шығыс колоритын береді. Гиджакшының ысқышпен мінсіз дыбыс байланысын, бір лига астындағы ноталарды біркелкі орындауға тырысатыны естіледі. *Allegro vivace* темпінде жазылған бөлімдерді гиджакшы барлық штрихтарды ойдағыдай орындағаны байқалады. Прима-қобыз бен прима-қыяққа қарағанда тез темпте жүретін тақырыптар бұл аспапта едәуір жеңіл алынады. Өйткені сол қол қойылымы ыңғайлы, музыкантқа жақын орналасқан («Vittorio Monti-Chardash»).

Қорыта айтқанда, үш хордофон да скрипка аспабында орындалатын штрих, фразировка, динамика, техникалық әдістерді көрсетуге толыққанды мүмкіндігі бар екендігін танытты. Орындаушылар автордың қойған талабын сенімді түрде жеткізіп, сәтті орындағаны аңғарылады.

Дыбыстық тембрі бойынша прима-қобыз бен прима-қыяқ скрипка аспабына жақын келеді, ал лайықталуы бойынша көбінесе гиджак аспабында ұтымды шыққан. Әр аспаптың техникалық мүмкіндіктері азиялық хордофондардың тембрі мен дыбыстық диапазонының ерекшеліктерімен венгр мотивтеріне өзіндік реңктер әкелетіні анық.

Екінші бағытқа әр мемлекеттің композиторлары арнайы прима-қобыз, прима-қыяқ, гиджак аспаптарына жазылған ұлттық бояуы бар шығармаларды немесе басқа да аспаптарға арналған шығармаларды жатқызуға болады. Бұл бағытта кәсіби композиторлар ұлттық дәстүрлерді

сақтап, еуропалық академиялық музыка стилімен шебер үйлестіре отырып, күйсандықтың сүйемелдеуімен орындалатын шығармаларды жазды.

Прима-қобызға. Прима-қобызға арналған шағын формада шамамен алғанда 50-60 шығарма бар (Кетегенова 25). Алғашқы шығармаларды Ахмет Жұбанов, Мұқан Төлебаев, Латиф Хамиди, Евгений Брусилловский, Сергей Шабельский жазды. Ал КСРО халық артисі, ең бірінші кәсіби прима-қобызшы Фатима Балғаева (1926-2005 жж.) жаңа үш ішекті қобызға арналған ұлттық классикалық шығармалардың бірінші орындаушысы болды (Өнері өнеге тұлға 153-154). Танымалдыларының қатарында: Латиф Хамиди «Романс», Қапан Мусин «Прелюдия», Мәкәлім Қойшыбаев «Романс», Кенжебек Күмісбеков «Концерттік пьеса», «Көктем лебі», Мұқан Төлебаев «Толғау», Нүргиса Тілендиев «Грезы» («Абай табиғаты»), Қуаныш Жұмағали «Элегия», Ермек Өміров «Жасыл дала» шығармаларын айтуымызға болады. Ал күрделі формадағы шығармалар қатарында Сергей Шабельский-Леонид Шаргородский, Сыдық Мухамеджанов, Аарман Жайым концерттері бар.

«Ахмет Жұбанов қобыз бен фортепианоға арналған музыка жазу саласында көп жұмыс атқарды. Ол «Ария», «Романс», «Вальс», «Көктем» шығармаларын жазып, Ықыластың «Жез киік» күйін өңдеді» — деп жазылған (ауд. автор) (Очерки по истории казахской советской музыки 226-227). Олар әлі күнге дейін орындаушылық шеберлікті талап ететін туындылардың бірі болып саналады.

Негізінен композиторлар кіші формадағы шығармалар жазған, виртуозды шығармалар жоқтың қасы, ал күрделі формадағы шығармалар саусақпен санарлық, сондықтан бір тұтас аспаптың репертуары үшін аздық етеді.

Қырғыздың прима-қыяқ аспабының репертуары жайында жазу қиындық

тудырады. Прима-қыяқшы Қырғызстан консерваториясының доценті Айназар Атилов: «Бұл аспапқа арнайы жазылған Қырғызстан композиторларының шығармалары жоқ. Жалпы прима-қыяқта орындауға ыңғайлы болатын басқа аспаптарға жазылған туындыларды өңдеп орындаудамыз» – дейді (Айназар Атиловпен сұхбат). Мысалы: Муратбек Бегалиев «Элегия» (валторна аспабына арнап жазылған), Асанхан Джумахматов «Акку» (симфониялық шығарма), Саид Бекмуратов «Керме тоо», Джумамудун Шералиев «Күйшінде», Қалый Молдобасанов «Рондо-скерцо» және тағы басқа.

Өзбектің заманауи гиджак аспабында дәстүрлі және академиялық орындау үрдісі кездеседі. Біз қарастырып отырған, академиялық музыканы орындаушылардың репертуарында Өзбекстанның ұлттық композиторларының 100-150 ге жуық шығармалары бар⁴. Олар гиджак аспабына арнайы жазылып, жинақ түрінде құрастырылған. Таңдаулыларының ішінде: Абдурахим Мухамедов «Юлдузчам», Фикрет Амиров «Қушлар», Феликс Янов-Яновский «Бахшида», Сайфи Джалил «Рондо» тағы сол сияқты. Өзбекстан ұлттық консерваториясының доценті, гиджакта орындаушы Улыкбек Исаевтың айтуынша: «Белгілі бір кезеңде композиторлар осы аспапқа көп көңіл бөлмегендіктен, жаңа шығармалар жазылмай қалды. Сол себепті ұлттық композиторлардың аспапқа арналған шығармаларымен әлі де толықтыруды қажет етеді» дейді (Улыкбек Исаевпен сұхбат).

Үшінші бағыт - аспаптардың репертуарында кездесетін дәстүрлі музыка.

Қазақстан Тәуелсіздік алған жылдардан кейін композиторлар мен аспапта орындаушылар дәстүрлі домбыра және қылқобыз күйлерін *прима-қобыз* аспабына еуропалық үлгіде, күйсандықтың сүйемелдеуімен өңдейтін болды. 1998 жылы алғашқылардың бірі болып композитор Ермұрат Үсенов Құрманғазының «Түрмеден қашқан» күйін прима-қобызбен күйсандыққа лайықтады (Қаленбаева 4). Бұл бағыт орындаушылар арасында үлкен қызығушылық пен қолдау тапқандықтан, композитордың одан әрі домбыраға арналған Құрманғазының «Төремұрат», «Қызыл қайың» тағы басқа күйлерін өңдеуіне алып келді.

Осы орайда ҚР еңбек сіңірген артисі, профессор Меруерт Қаленбаеваның еңбегін ерекше атап кеткен абзал. Себебі оның «Қобызға арналған күйлері» (2003 ж.) атты еңбегі ең алғашқы күйлер жинағы болып есептеледі (Қаленбаева 4).

Күйлерді өңдеп орындаудың басты мақсаты прима-қобыз аспабының репертуар өрісін кеңейту ғана емес, сондай-ақ орындаушылардың ұлттық музыкаға деген қызығушылығын арттыру болып табылады.

Қырғыздың прима-қыяқ аспабында дәстүрлі музыка орындалмайды. Олардың шағын, дамыған дәстүрлі күйлері, ән әуендері және бейнелеу сипатындағы пьесалар тек қыл қыяқ аспабында орындалады (Затаевич 18).

Өзбектің дәстүрлі гиджак аспабының репертуарында макомдардың дамыған аспаптық бөлімдері, қарапайым халық әндері (Қароматов 113), гиджакқа немесе дауысқа жазылған өзбек бастакорларының дәстүрлі шығармалары бар.

Академиялық бағытта орындаушы гиджакшылардың да репертуарында бұл шығармалар бар. Өзгертусіз, түпнұсқасын орындайды. Олар дәстүрлі макомдарда жиі кездесетін *кочирим*, *нолиш*, *молиш* сынды тағы басқа

⁴Өзбекстан мемлекеттік консерваториясы кітапханасының мағлұматы бойынша

орындаушылық әдістерді есту арқылы үйреніп орындайды. Себебі оларды нотаға түсіру өте қиын және түсірілмейтіндері де бар. Дегенмен, уақыт өте келе Өзбекстан Ұлттық консерваториясында мелизматикалық әшекейлерді нотаға түсіру әдісін әзірлеп, дамытуды біртіндеп қолға ала бастады. Алғашқы еңбектер қатарында профессор Мурод Тошмухамедовтың «G`ijjak darsligi» (Гиджак оқулығы), «G`ijjakda anapanavi ijgoni o`zlahtirish» (Гиджакта дәстүрлі орындауды игеру) атты жинақтары соған дәлел. Бұл оқу құралында шашмакомдарда кездесетін иірімдерді нота бойынша орындау нұсқаулары мен әдістерінің бірнеше түрлері берілген. Осы оқу құралдары арқылы академиялық бағытта орындаушылар дәстүрлі музыканы нотамен үйрену мүмкіндігі туды.

Нәтижелер

Аталған аспаптардың репертуарында ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар екені анықталды. Егер жүйелеп айтар болсақ, *ортақ жәйттер* мыналар:

1) Үш аспапта да шетел классиктарының және орыс композиторларының скрипкаға арналған шағын және күрделі формадағы шығармалары орындалады.

2) Қазақстан және Өзбекстан мемлекеттерінің отандық сазгерлерінің прима-қобыз, гиджак аспаптарына арнайы жазған композиторлық туындылары бар екені байқалады.

3) Дәстүрлі музыкадағы ұқсастыққа келсек — прима-қобыздың репертуарында қазақ халқының ұлттық жанры күй өнері кездеседі. Өзбек халқының заманауи гиджак репертуарында дәстүрлі шашмакомдар және өзбек бастакорларының шығармалары бар. Бірақ, прима-қобызда домбыра, қыл-қобыз күйлері фортепианоның

сүйемелдеуімен, еуропалық нақышқа лайықтап орындалса, гиджак аспабында түпнұсқалы түрде орындалады.

Айырмашылығына тоқталсақ: в основном они касаются в различие их функционирования.

Прима-қыяқ аспабының репертуарында қырғыз композиторлары арнайы осы аспапқа жазған туындылар шығармаған деп айтуға болады, оған басқа аспаптарға арналған пьесалар лайықтамалары кіреді. Дәстүрлі музыка да прима-қыяқ аспабында орындалмайды. Орындаушылар қыл қыяқ аспабын жете меңгергендіктен, прима-қыяқта дәстүрлі музыканы орындау қажеттілігі туындамайды.

Негізгі тұжырымдар

Зерттеу барысында өзбектің гиджак аспабы модернизацияға көп ұшырамай, өзінің бастапқы түрінде қалып, дәстүрлі формасынан қатты ауытқымағандықтан, оның репертуары кең және орындаушылықтың барлық бағыттары көрініс табатыны байқалды. Ал прима-қобыз және прима-қыяқ жетілдіру нәтижесінде жаңа аспап ретінде қабылданды. Прима-қобыз репертуарында дәстүрлі музыканың орындалуы өзгеріске ұшырағанын көруге болады. Прима-қыяқта мүлдем қолданылмайды.

Жоғарыдағы аспаптарды ұқсас деп түсіну арқылы, бір-бірінің шығармаларымен танысып, оларды өз репертуарларына қосуға мүмкіндік туындайды. Біздің тұжырымымыз бойынша прима-қобызшылар, прима-қыяқшылар, гиджакшылар жалпы түркі халықтарының музыкасын біліп, өз репертуарына қосқаны дұрыс болады. Себебі бұл біртұтас ортақ әлем.

Прима-қобыз бен прима-қыяқ ұлттық аспаптар ретінде қабылданып, репертуарында ұлттық музыка басым болуы қажет деп ойлаймыз.

Қорытынды

Жалпы репертуарды кеңірек дамыту мәселесінің шешімін табу үшін, болашақта төмендегідей батыл қадамдар жасалу керек деген ойдамыз.

Жетілдірілген аспаптар үшін кіші және күрделі формадағы шығармаларды жазуға композиторларды ынталандырып, жаңа туындылар жазуды ұсыну қажет. Ол үшін біздің ойымызша аспаптың артықшылығы мен ерекшеліктерін көрсете білетін көрнекті орындаушылар әжептеуір көп болғаны жақсы. Жоғары деңгейлі орындауды естіген композиторлар аспапқа назарын аударып, қызығушылығы артатыны анық. Жалпы, бұл кешенді және өзара байланысты мәселе. Сонымен қатар, аспаптарға шығарма жазудан композиторлар арасында мемлекеттің қолдауымен Республикалық деңгейдегі байқау ұйымдастырып, шеберлік сыныптар жүргізу септігін тигізеді. Сондай-ақ осы істі тек композиторлар ғана емес, әр аспаптың қыр-сырын жетік білетін орындаушылардың өздері де қолға алып, өңдеулер арқылы репертуарлық өрісін кеңейтуге көмегі тиеді деген ойдамыз.

Бүгінгі таңда кейбір аспаптардың музыкалық тәжірибеден жоғалып кететіні кездеседі. Мүмкін олардың заман қажеттіліктерін қанағаттандырылмауына байланысты шығар. Мысалы, ХХ ғасырдың 30-шы жылдарына дейін елімізде негізінен тек қазақ ұлттық музыкасы тараса, одан кейін мәдениетімізге еуропалық және орыс музыкасы енді. Дүниетаным кеңейіп, аспаптарда жан-жақты музыка шырқалғандығы қаланды. Біздің жасаған тұжырымымыз бойынша, жетілдірілген аспаптар әмбебап болғандықтан, оларда заман талабына сай әртүрлі музыка орындауға мүмкіндік бар. Бұл үрдіс олардың күші мен тұрақтылығын көрсетеді.

Сонымен қатар, Азия халықтарында оркестрлер мен жетілдірілген аспаптар кеңінен таралуына байланысты, олардың музыкасын да орындап, еуропалық музыкадан кем білмеуіміз маңызды. Себебі қазір бұл әлемдік музыкаға айналуда. Жалпы алғанда бұл халықтардың өзара байланысы және біздің жұмысымыздың мәні. Жоғарыда айтылған ойлар мәселенің шешілуіне және аспаптардың дамуына үлкен серпіліс әкелетініне сенімдіміз.

Авторлардың үлесі:

Б. Джунусова – негізгі мәтін жазу, аңдатпа жазу, дәйексөздерді іздеу, зерттеу тұжырымдамасын негіздеу, зерттеулерді жоспарлау, талдау жүргізу, мақала мен әдебиеттер тізімін құрастыру, қорытындыларды тұжырымдау.

С. Өтеғалиева – негізгі мәтін жазу, аңдатпа мәтінін өңдеу, редакциялау, әдеби деректерді талдау және жалпылау, кеңес беру, ғылыми жетекшілік.

Вклад авторов

Б. Джунусова – написание основного текста статьи, аннотации, поиск цитат, обоснование концепции исследования, планирование исследований, проведение анализа, оформление статьи и списка источников.

С. Утеғалиева – обработка, редактирование основного текста, текста аннотации, анализ и обобщение литературных данных, консультирование и научное руководство.

Contribution of authors

B. Junussova – writing the main text, the abstract, searching for the quotations, substantiating the study concept, planning the research, conducting the analysis, formatting the article and the reference.

S. Utegalieva – processing, editing the main text, the abstract text, the literature data analysis and generalization, consulting, and scientific advising.

Дәйеккөздер тізімі

Айназар Атиловпен сұхбат. Бишкек, 01 қазан 2023.

Вертков, Константин, и др. *Атлас музыкальных инструментов народов СССР*. 2-е изд., Москва, Музыка, 1975.

Вызго, Тамара, и Петросянц, Ашот. *Узбекский оркестр народных инструментов*. Ташкент, Государственное издательство художественной литературы УзССР, 1962.

«V. Monti, Czardas - Jennifer Jeon». YouTube, Jennifer & Jessica Jeon жүктелді, 14 қазан 2016, www.youtube.com/watch?v=ZHO6KOPWXtc Қарастырылған мерзімі: 12 желтоқсан 2023.

Гизатов, Бисенгали. *Казахский оркестр имени Курмангазы*. Алматы, Гылым, 1994.

«Залина Касымова – В.Монти Чардаш». Instagram, Залина Касымова жүктелді, 17 қазан 2021, www.instagram.com/p/CXWTlcUDj1U/?igshid=MzRIODBiNWFIZA Қарастырылған мерзімі: 12 желтоқсан 2023.

Затаевич, Александр. *Киргизские инструментальные пьесы и напевы*. Москва, Всесоюзное издательство Советский композитор, 1971.

Каленбаева, Меруерт. *Қобызға арналған күйлер*. Алматы, 2003.

«Қобыз Чардаш Монти». YouTube, qasymda bol каналына жүктелді, 7 мамыр 2020, www.youtube.com/watch?v=_Z4kD7eyJjo Қарастырылған мерзімі: 12 желтоқсан 2023.

Кароматов, Файзулла. *Узбекская инструментальная музыка (наследие)*. Ташкент, Издательство литературы и искусства им.Гафура Гуляма, 1972.

Кетегенова, Нургиян. *Композиторы Казахстана (Творческие портреты композиторов Казахстана)*. т.1, Алматы, Алматы- Болашак, 2012.

Кузнецова, Галина, и Садыков, Фарух. *Государственный оркестр народных инструментов Узбекистана имени Тухтасина Джалилова*. Ташкент, Узбекистан, 1990.

Murzaliyeva, Sajana, and Akparova, Galiya. “Narodnoye vozrozhdeniye i sovremennyye tendentsii natsionalnykh traditsiy muzykalnoy kultury Kazakhstana.” [“Popular revival and modern trends of ethnic traditions of musical culture of Kazakhstan.”] *Problemy muzykalnoy nauki [Problems of musical science]*, Music Scholarship, № 4, 2020, pp.206–216. DOI:10.33779/2587-6341.2020.4.206-216

«V.Monti-Chardash». YouTube, Muzaffar Jo'rayev жүктелді, 9 маусым 2023, www.youtube.com/watch?v=TQWrLoLNjE Қарастырылған мерзімі: 12 желтоқсан 2023.

Очерки по истории казахской советской музыки. ред.коллегия: Жубанов, Ахмет, и др. Алма-Ата, Казахское Государственное издательство художественной литературы, 1962.

Рауандина, Шолпан. «Исполнительское мастерство и педагогическая деятельность профессора, Народной артистки КазССР Ф.Балгаевой». *Өнері өнеге тұлға*, ответственный редактор Шолпан Рауандина. Алматы, Өнер, 2018, с. 151–161.

Сарыбаев, Болат. *Қазақ халқының аспап музыкасы. Казахская народная инструментальная музыка*. Алматы, Наука, 1964.

Ташматова, Азатгул. *Каталог музея музыкальных инструментов*. Узбекистан, Фан, 2006.

Тезекбаев, Досымжан. *Қобыз үйрену мектебі*. Алматы, Өнер, 1980.

Турумбаева, Чолпан. «Исторические этапы реконструкции кыргызских народных инструментов Государственного оркестра имени Карамолда Орозова». *Манускрипт, Тамбов: Грамота*, т. 13, вып. 10, 2020, с. 236–241. ISSN 2618-9690. www.gramota.net/materials/9/2020/10/43.html Қарастырылған мерзімі: 11.10.2023

Улугбека Исаевпен сұхбат. Ташкент, 27 қыркүйек 2023.

Утегалиева, Сауле. *Звуковой мир музыки тюркских народов: теория, история, практика (на материале инструментальных традиций Центральной Азии)*. Москва, Композитор, 2013.

Эрих М. фон Хорнбостель, Курт, Закс. «Систематика музыкальных инструментов». *Народные музыкальные инструменты и инструментальная музыка*. редактор Евгений Гиппиус, ч.1. Москва, Советский композитор, 1987, с 229–261.

References

- Ainazar Atilovpen sukhbat [Conversation with Ainazar Atilov]. Bishkek, 01 October 2023.
- Gizatov, Bisengali. *Kazahskij orkestr imeni Kurmangazy [Kazakh Orchestra named after Kurmangazy]*. Almaty, Science, 1994. (In Russian)
- Hornbostel, Erich Moritz von, and Sachs, Curt. “Sistematika muzykal’nyh nstrumentov.” [“Systematics of musical instruments.”] *Narodnye muzykal’nye instrumenty i instrumental’naja muzyka [Folk musical instruments and instrumental music]*, editor Eugene Gippius, part 1. Moscow, Soviet union composer, 1987, pp. 229–261. (In Russian)
- Kalenbayeva, Meruert. *Kobyzga arналған куйлер [Kui for kobyz]*. Almaty, 2003. (In Kazakh)
- Karomatov, Faizulla. *Uzbekskaja instrumental’naja muzyka (nasledie) [Uzbek Instrumental music (heritage)]*. Tashkent, Publishing House of Literature and Art named after Gafur Gulyam, 1972. (In Russian)
- Ketegenova, Nurgiyana. *Kompozitory Kazahstana (Tvorcheskie portrety kompozitorov Kazahstana) [Composers of Kazakhstan (Creative portraits of composers of Kazakhstan)]*. vol. 1. Almaty, Almaty- the future, 2012. (In Russian)
- “Kobyz Chardash Monti”. *YouTube*, uploaded by Canal be with me, 7 may 2020, www.youtube.com/watch?v=_Z4kD7eylJo Accessed: 12 december 2023
- Kuznecova, Galina, and Sadykov, Faruh. *Gosudarstvennyj orkestr narodnyh instrumentov Uzbekistana imeni Tuhtasina Dzhalilova [Tukhtasin Jalilov State Orchestra of Folk Instruments of Uzbekistan]*. Tashkent, Uzbekistan, 1990. (In Russian)
- Murzaliyeva, Sajana, and Akparova, Galiya. “Narodnoye vozrozhdeniye i sovremennyye tendentsii natsionalnykh traditsiy muzykalnoy kultury Kazahstana.” [“Popular revival and modern trends of ethnic traditions of musical culture of Kazakhstan.”] *Problemy muzykalnoy nauki [Problems of musical science]*, Music Scholarship, № 4, 2020, pp.206–216. DOI:10.33779/2587-6341.2020.4.206-216
- “V. Monti, Czardas - Jennifer Jeon”. *YouTube*, uploaded by Jennifer & Jessica Jeon, 14 October 2016, www.youtube.com/watch?v=ZHO6KOPWXtc Accessed: 12 december 2023
- Ocherki po istorii kazahskoy sovetskoy muzyki [Essays on the history of Kazakh Soviet music]* editor: Zhubanov, Akhmet, et al. Alma-Ata, Kazahskoye Gosudarstvennoye izdatelstvo khudozhestvennoy literatury, 1962. (In Russian)
- Rauandina, Sholpan. “Ispolnitel’skoe masterstvo i pedagogicheskaya deyatelnost’ professora, Narodnoj artistki KazSSR F. Balgaievoi” [“Performing skills and pedagogical activity of Professor, People’s Artist of the Kazakh SSR F. Bagaeva.”] *Oneri onege tulga*, executive editor Sholpan Rauandina. Almaty, Art, 2018, p. 151–161.
- Sarybaev, Bolat. *Kazahskaja narodnaja instrumental’naja muzyka [Kazakh folk instrumental music]*. Almaty, the Science, 1964. (In Russian, in Kazakh)

Tashmatova, Azatgul. *Katalog muzeja muzykal'nyh instrumentov [Catalogue of the Museum of Musical Instruments]*. Uzbekistan, Fan, 2006. (In Russian)

Tezekbayev, Dosymzhan. *School of education on kobyz*. Almaty, Art, 1980.

Turumbaeva, Cholpan. "Istoricheskie jetapy rekonstrukcii kyrgyzskih narodnyh instrumentov Gosudarstvennogo orkestra imeni Karamolda Orozova." ["Historical stages of reconstruction of Kyrgyz folk instruments of the Karamold Orozov State Orchestra."] *Manuscript, Tambov: Gramota*, vol.13. no. 10, 2020, pp. 236-241. www.gramota.net/materials/9/2020/10/43.html Accessed: 11 october 2023

Ulugbek Isayevpen sukhbat [Conversation with Ulugbek Isayev]. Tashkent, 27 September 2023.

Utegalieva, Saule. *Zvukovoj mir muzyki tjurkskih narodov: teorija, istorija, praktika (na materiale instrumental'nyh tradicij Central'noj Azii) [The Sound World of music of the Turkic peoples: theory, history, practice (based on the Instrumental traditions of Central Asia)]*. Moscow, Composer, 2013.

"V.Monti-Chardash". *YouTube*, uploaded by Muzaffar Jo'rayev, 9 June 2023, www.youtube.com/watch?v=TQWrLoLNjE Accessed: 12 december 2023

Vertkov, Konstantin, et al. *Atlas muzykal'nyh instrumentov narodov SSSR [Atlas of Musical instruments of the Peoples of the USSR]*. 2-nd ed., Moscow, Music, 1975. (In Russian)

Vyzgo, Tamara, and Petrosjanc, Ashot. *Uzbekskij orkestr narodnyh instrumentov [Uzbek orchestra of folk instruments]*. Tashkent, The state publishing house of fiction of the UzbekSSR, 1962. (In Russian)

"Zalina Kasymova – V. Monti Chardash". *Instagram*, uploaded by Zalina Kasymova, 17 October 2021, www.instagram.com/p/CXWTlcUDj1U/?igshid=MzRIODBiNWFIZA Accessed: 12 december 2023

Zataevich, Alexander. *Kirgizskie instrumental'nye p'esy i napevy [Kyrgyz instrumental pieces and tunes]*. Moscow, All-union publishing house soviet composer, 1971. (In Russian)

Балжан Джунусова, Сауле Утегалиева

Казахская Национальная консерватория им. Курмангазы
(Алматы, Казахстан)

РЕПЕРТУАР ДЛЯ УСОВЕРШЕНСТВОВАННЫХ КАЗАХСКОГО ПРИМА-КОБЫЗА, КИРГИЗСКОГО ПРИМА-КЫЯКА И УЗБЕКСКОГО ГИДЖАКА

Аннотация. Модернизированные струнно-смычковые хордофоны типа казахского прима-кобыза, киргизского прима-кыяка и узбекского гиджака (по классификации Эрих Мориц фон Хорнбостеля и Курта Закса первые два соответствуют индексу 321.322.22, а третий 321.311-71) были озданы для оркестра народных инструментов в первой половине XX века. Со временем они стали достаточно популярными, активно используются в современной сольной музыкальной практике. Сложившись свои исполнительские школы, число выпускников, владеющих ими, с каждым годом увеличивается. В настоящее время возникла потребность в изучении и расширении репертуара для этих видов инструментов.

Цель статьи – выявить особенности их репертуара, рассмотренного в сравнительном аспекте. В исследовании мы опираемся на комплексный подход, используем сравнительно-типологический, а также системно-этнофонический (Игорь Мациевский) методы, позволяющие рассматривать вышеуказанные инструменты во взаимосвязи с исполняемой на них музыкой. Автором даны практические рекомендации по улучшению и расширению репертуара. Сказанное касается как популяризации этих инструментов, воспитания ярких исполнителей, так и создания новых сочинений отечественными композиторами. Кроме того, репертуар необходимо расширять путем включения произведений для сходных инструментов у тюркских и других народов Азии.

Затронутые в статье вопросы могут представлять интерес для исследователей и специалистов из других республик Центральной Азии, где также имеются усовершенствованные виды смычковых хордофонов.

Ключевые слова: народный оркестр, прима-кобыз, прима-кыяк, современный гиджак, усовершенствованные инструменты, реконструкция, репертуар, традиционная музыка, модернизация.

Для цитирования: Джунусова, Балжан, и Утегалиева Сауле. «Репертуар для усовершенствованных казахского прима-кобыза, киргизского прима-кыяка и узбекского гиджака» *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 9, № 3, 2024, с. 105-123, DOI: 10.47940/cajas.v9i3.898

Благодарности: Авторы выражают благодарность редакции «Central Asian Journal of Art Studies» за помощь в подготовке статьи к публикации, а также анонимным рецензентам за внимание и интерес к исследованию.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Balzhan Junussova, Saule Utegalieva

Kurmangazy Kazakh National Conservatory
(Almaty, Kazakhstan)

REPERTOIRE FOR THE MODERNIZED KAZAKH PRIMA-KOBYZ, KYRGYZ PRIMA-KYAK AND UZBEK GIJAK

Abstract. Modernized string-bowed chordophones such as the Kazakh prima kobyz, Kyrgyz prima kyak and Uzbek gijak (according to the classification of Erich Moritz von Hornbostel and Curt Sachs, they correspond to the index 321.322.22, and gijak 321.311-71 were created for the orchestra of folk instruments in the first half of the 20th century. Over time, they have become quite popular, are actively used in modern solo music practice. There are their own performing schools, many performers, the number of graduates who can play on them increase every year. Currently, there is a need to study and expand the repertoire for these types of instruments.

The aim of the article is to identify the features of their repertoire, considered in a comparative aspect. In our research we rely on a comprehensive approach, using comparative-typological, as well as systemic-ethnophonic (Igor Matsievsky methods, which allow us to consider the above-mentioned instruments in relation to the music played on them. The author gives practical recommendations for improving and expanding the repertoire. The above applies equally to the popularization of these instruments, the education of bright performers, and the creation of new compositions by domestic composers. In addition, the repertoire should be expanded by including works for similar instruments of the Turkic and other peoples of Asia.

The issues raised in the article may be of interest to researchers and specialists from Central Asian republics, where there are also improved types of bowed chordophones. At the same time, scientific developments in this area will not only provide a clearer idea of them but will also contribute to their further development.

Keywords: folk orchestra, prima-kobyz, prima-kiyak, modern gijak, repertoire, improved instruments, traditional music, reconstruction, modernization.

Cite: Junussova, Balzhan, and Utegalieva Saule. "Repertoire for the modernized kazakh prima-kobyz, kyrgyz prima-kiyak and uzbek gijak" *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 9, no. 3, 2024, pp. 105-123, DOI: 10.47940/cajas.v9i3.898

Acknowledgments: The authors express their gratitude to the editors of the "Central Asian Journal of Art Studies" for the help in preparing the article for publication, as well as to anonymous reviewers for their attention and interest to the study.

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Автор туралы мәлімет:**Сведения об авторе:****Information about the author:**

Балжан Бекеновна Джунусова – «Кобыз және баян» кафедрасының «8D02104 Дәстүрлі музыка өнері» білім беру бағдарламасы бойынша 3-курс докторанты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы (Алматы, Қазақстан)

Балжан Бекеновна Джунусова – докторант 3-курса по образовательной программы «8D02104 Традиционное музыкальное искусство» кафедры «Кобыз и баян», Казахская Национальная консерватория имени Курмангазы (Алматы, Казахстан)

Balzhan B. Junussova – 3rd year doctoral student of the educational program “8D02104 - Traditional musical art” of the Department of “Kobyz and Bayan”, Kurmangazy Kazakh National Conservatory (Almaty, Kazakhstan)

ORCID: 0000-0003-4587-5225

E-mail: junusova_b@mail.ru

Сәуле Ысқаққызы Өтеғалиева – өнертану докторы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессор (Алматы, Қазақстан)

Сауле Исхаковна Утеғалиева – доктор искусствоведения, Заслуженный деятель РК, профессор кафедры «Музыковедение и композиция» Казахской Национальной консерватории имени Курмангазы (Алматы, Казахстан)

Saule I. Utegalieva – Doctor of Art History, Honored Worker of Kazakhstan Republic, Professor of the Department of Musicology and Composition, Kurmangazy Kazakh National Conservatory (Almaty, Kazakhstan)

ORCID: 0000-0001-9867-8511

E-mail: sa_u@mail.ru